

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 2082 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 шілдедегі № 525 қаулысымен.

**Ескеrtу. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 23.07.2019 № 525 қаулысымен.**

**Р Қ А О - ның ескертпесі.**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілдептердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығын қараңыз.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 19-бабының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттік қала құрылышының кадастры туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 шілдедегі N 931 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 23, 266-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 53-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 шілдедегі N 931 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 397 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., N 12, 130-құжат).

3. Осы қаулы алғаш рет реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2009 жылғы 11 желтоқсандағы  
N 2082 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу дің бірынғай тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылышы кадастры (бұдан әрі - қала құрылышы кадастры) Қазақстан Республикасы кадастрларының мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және оны Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерінің шекарасында үш аумақтық деңгейдегі бірінғай жүйе бойынша:

1) сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган республикалық деңгейде жүргізеді.

Республикалық аумақтық деңгейде республика бойынша кадастрлық деректерді қорыту мен талдау, мемлекеттік қала құрылышы кадастрын құрудың және жүргізу дің ғылыми-әдістемелік және нормативтік-құқықтық базасын, оның бағдарламалық-техникалық құралдарын әзірлеу жүзеге асырылады;

2) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық деңгейінде жүргізеді.

Облыстың аумақтық деңгейінде ведомствоның бағынысты аумақ бойынша кадастрлық деректерді қорыту мен талдау, ғылыми-әдістемелік әзірлемелер енгізу орындалады.

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық деңгейінде елді мекен мен қала құрылышын реттеу аумағы туралы ақпаратты жинау, бақылау, жаңартып отыру, бұл деректердің мұрағатын жүргізу, пайдаланушылардың сұранымына қызмет көрсету жүргізледі.

3) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары базалық аумақтық деңгейде жүргізеді.

Базалық аумақтық деңгейде елді мекен мен қала құрылышын реттеу аумағы туралы ақпаратты жинау, бақылау, жаңартып отыру, бұл деректердің мұрағатын жүргізу, пайдаланушылардың сұранымына қызмет көрсету жүргізіледі.

3. Қала құрылышы кадастрын жүргізу салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендер мониторингі - Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі объектілерінің жай-күйі мен өзгерістерін қадағалау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

## **2. Қала құрылышы кадастрын жүргізу тәртібі**

4. Базалық, облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық деңгейлерде қала құрылышы кадастрын жүргізу республикалық деңгейдегі қала құрылышы кадастрының жалпы автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің шеңберінде автоматтандырылған ақпараттық жүйені пайдалана отырып жүзеге асырылады.

5. Барлық аумақтық деңгейлердегі қала құрылышы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін нормативтік-техникалық құжаттарда анықталатын бірынғай әдіснама бойынша мамандандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендер негізінде құрылады.

6. Барлық аумақтық деңгейлердегі қала құрылышы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі тиісті аумақтық деңгейдегі қала құрылышы кадастрының дерекқорында ақпарат жинауды, өндеуді, есепке алууды, тіркеуді, сактауды, қала құрылышы кадастры дерекқорының көшірмелерін жоғары тұрған аумақтық деңгейге (облыстық немесе республикалық) беруді, сондай-ақ қала құрылышы кадастрының ақпаратын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беруді қамтамасыз етуге тиіс.

7. Әрбір аумақтық деңгейдегі қала құрылышы кадастрының дереккоры мынадай құжаттардың (құжаттар үлгілерінің) негізінде қалыптасады (жүргізіледі):

1) қала құрылышы жобалары;

2) жеке және заңды тұлғалардың қолда бар объектілерді өзгертуге немесе жаңа объектілер салуға өтініштері;

3) жер участекерін таңдау актілері;

4) тиісті уәкілетті органдардың ведомстволық бағынысты аумақта құрылыш салу немесе өзге де қала құрылышын игеруге арналған жер участекерін таңдау, беру және мемлекеттік мұқтаждар үшін алып қою жөніндегі шешімдері;

5) уәкілетті органдардың құрылыштарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды салу, кеңейту, техникамен қайта

жарақтандыру, жаңғырту, қайта жаңарту, қалпына келтіру және құрделі жөндеу туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, құрылыстарды (объектілерді) консервациялау, сәulet объектілерін кейіннен қедеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдері;

6) жобалауға арналған тапсырмалар, инженерлік көздерге қосылуға және коммуналдық қамтамасыз етуге арналған техникалық шарттар;

7) сәulet-жоспарлау тапсырмалары;

8) нобайлық жобалар, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы;

9) сәulet, қала құрылышы және құрылыш құжаттамасы бойынша жобалар сараптамасының қорытындылары;

10) құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсаттар;

11) атқарушы (қабылдау-тапсыру) құжаттама;

12) объектілерді пайдалануға қабылдау туралы актілер;

13) уәкілетті органдардың ғимараттар мен құрылыстардың қала құрылышы элементтеріне атаулар және нөмірлер беру туралы шешімдері;

14) топографиялық-геодезиялық, инженерлік-геологиялық, аэрогарыштық, картографиялық, жерге орналастыру жұмыстарының, топырақ, геоботаникалық зерттеулердің және өзге іздестірulerдің материалдары;

15) төмен тұрған аумақтық деңгейлердегі қала құрылышы кадастры дерекқорының көшірмелері, Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік кадастрлары дерекқорларының көшірмелері.

8. Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде және нормативтік-техникалық құжаттарында (бұдан әрі - құжат) белгіленген (анықталған) ресми құжаттар қала құрылышы кадастрының есепке алу объектілері болып табылады.

9. Қала құрылышы кадастрының дерекқорындағы әрбір есепке алу объектісі үшін кеңістіктік бекітуі, есепке алу объектісі бойынша негізгі тіркеу мәліметтері, арнайы тіркеу мәліметтері, сондай-ақ есепке алу объектісінің электрондық көшірмесі (құжаты) бар объектіні есепке алу карточкасы жасалады.

Есепке алу карточкасының негізгі тіркеу мәліметтеріне мыналар жатады:

1) құжаттың қала құрылышы кадастрының дерекқорындағы тіркеу нөмірі және тіркелген күні;

2) құжаттың атауы (ұлгісі);

3) құжат авторының (құжатты қабылдаған (бекіткен), келіскең, берген не қол қойған тұлғаның) толық атауы (занды тұлға үшін) немесе тегі, аты, экесінің аты (жеке тұлға үшін), мекенжайы, телефоны, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (СТН, БСН);

4) құжаттың қысқаша мазмұны;

5) құжат жасалған (қол қойылған) күн;

6) құжаттың қолданылу мерзімі аяқталатын күн (болған жағдайда);

7) жобалау, құрылыш, қайта жаңарту немесе кейіннен кәдеге жарату объектісінің атавы және мекенжайы.

10. Сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметінің бір объектісі (бұдан әрі - сәulet объектісі) бар объектінің есепке алу карточкасы кадастрық іске біріктілуге тиіс.

11. Кадастрық іс кеңістіктік бекітілуге, онда кадастрық істің карточкасы болуға және онда қамтылған объектіні есепке алу карточкаларының тізбесі болуға тиіс.

12. Кадастрық істің карточкасы тиісті сәulet объектісі бойынша негізгі және арнайы тіркеу мәліметтерінен қалыптасады.

Кадастрық іс карточкасының негізгі тіркеу мәліметтерінде мыналар болады:

1) қала құрылышы кадастрының дерекқорында кадастрық істі тіркеу нөмірі және тіркелген күні;

2) сәulet объектісінің атавы, функционалдық мақсаты, мекенжайы және орналасқан қабаты;

3) сәulet объектісінде жүргізілетін жұмыстар туралы мәліметтер: жаңа құрылыш, қайта жаңарту, кейіннен кәдеге жарату;

4) сәulet объектісінің жалпы алаңы, құрылыш салынатын алаң, пайдаланылатын жер участкесінің алаңы, пайдаланылатын жер участкесінің кадастрық нөмірі;

5) сәulet объектісінің меншік (мемлекеттік, жеке меншік) нысаны туралы мәліметтер;

6) сәulet объектісі меншік иесінің (құрылыш салушының) толық атавы (занды тұлға үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (жеке тұлға үшін), мекенжайы, телефоны, салық төлеушінің тіркеу нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (СТН/БСН).

13. Есепке алу объектін тіркеу процесінде объектіні есепке алу карточкасына және оны облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық деңгейінде құру процесінде кадастрық істің карточкасына Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына бірегей тіркеу нөмірі беріледі.

14. Объектілерді есепке алу карточкасын және кадастрық істердің карточкаларын кеңістіктік бекіту қала құрылышы кадастрының геоқаралаттық дерекқорының тиісті кеңістіктік объектілеріне орындалады.

15. Қала құрылышы кадастрының геоқаралаттық дерекқорында Қазақстан Республикасының аумағында жер үсті және жер асты кеңістігінде орналасқан қолда бар, жоспарланып отырған және жобаланатын құрылыш (қайта жаңарту)

объектілері туралы кеңістіктік ақпарат, нақты әлем процестері мен құбылыстары болады.

Қала құрылышы кадастрының геоақпараттық дерекқоры тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шекарасының шегінде әрбір аумақтық деңгейде құрылады және жүргізіледі және мынадай бөлімдерден турады:

- 1) қала құрылышы жоспары;
- 2) жерді бөліп беру жоспары;
- 3) сәулет жоспары;
- 4) құрылыш жоспары.

16. Әрбір аумақтық деңгейдегі қала құрылышы кадастрының геоақпараттық дерекқорының қала құрылышы жоспарында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ішінара немесе бүкіл аумағын тұтастай қамтитын немесе қозғайтын барлық қала құрылышы жобаларының материалдары болады.

17. Әрбір аумақ деңгейіндегі қала құрылышы кадастрының геоақпараттық дерекқорының жерді бөліп беру жоспарында құрылышты жобалау және (немесе) қайта жаңарту мақсаты және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы құрылыш және (немесе) қайта жаңарту мақсаты үшін берілген жер участкелері туралы ақпарат болуға тиіс.

18. Әрбір аумақ деңгейінің қала құрылышы кадастрының геоақпараттық дерекқорының сәулет жоспары бекітілген жобалауға арналған тапсырмалардың мәліметтері мен материалдарынан, инженерлік коммуникацияларға қосылуға берілген техникалық шарттардан, берілген сәулет-жоспарлау тапсырмаларынан, тапсырысшылар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жобаланған құрылыш және (немесе) қайта жаңарту объектілері бойынша бекіткен, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және сараптамадан өткен жобалардан қалыптасады.

19. Әрбір аумақ деңгейіндегі қала құрылышы кадастрының геоақпараттық дерекқорының құрылыш жоспарында әртүрлі масштабтағы инженерлік іздестірулердің материалдары, жерді қашықтықтан аймақтарға бөлу материалдары (аэрофототүсірілімдер және ғарыштық түсірілімдер), құрылыш объектілері бойынша атқарушы құжаттама және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік кадастрларының дерекқорының көшірмелері, сондай-ақ осы аумақтарға арналған адрестік жоспар (адрестік жоспарлар) болуға тиіс.

20. Объектінің есепке алу карточкасының және кадастрлық іс карточкасының арнайы тіркеу мәліметтерінің құрамына қойылатын талаптар: әрбір аумақтық деңгейдегі қала құрылышы кадастрының геоақпараттық дерекқорының құрамын, мазмұнын және координаталар жүйесін, объектілерді есепке алу карточкаларына және кадастрлық іс карточкаларына тіркеу нөмірін беру тәртібін үш жыл ішінде

кемінде бір рет жаңартылуға (қайта қаруаға) жататын нормативтік-техникалық құжаттарда сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

21. Қала құрылышы кадастрының есепке алу объектісін (құжаттың) тіркеу оларды сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген келісуден өту, рұқсат беру рәсімдерінен, жаңа құрылыш объектісін немесе қайта жаңартылған объектілерді пайдалануға беру, сәulet объектісін кейіннен кәдеге жарату рәсімдерінен өту процесінде сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға ұсынған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Қала құрылышы кадастрының дерекқорында есепке алу объектілерін тіркеу рәсімі келісуден, рұқсат беру рәсімдерінен, жаңа құрылыш немесе қайта жаңартылған объектілерін пайдалануға беру, сәulet объектісін кейіннен кәдеге жарату рәсімдерінен өтудің жалпы мерзімдеріне қарамастан жүзеге асырылады.

22. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары базалық аумақтық деңгейдегі қала құрылышы кадастры дерекқорының өзекті көшірмесін есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей қала құрылышы кадастрының облыстық аумақтық деңгейдегі сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі тиісті жергілікті атқарушы органдарға береді.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) аумақтық деңгейдегі қала құрылышы кадастры дерекқорының өзекті көшірмесін есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей қала құрылышы кадастрының республикалық аумақтық деңгейдегі сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға береді.